



Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Германия Федеративтік Республикасының Статистика жөніндегі федералдық ведомствосы арасында Статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қазан N 1286

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Германия Федеративтік Республикасының Статистика жөніндегі федералдық ведомствосы арасындағы Статистика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Қазақстан

Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен келіссөздер жүргізсін және оған қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, жоғарыда көрсетілген Келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен
Германия Федеративтік Республикасының Статистика жөніндегі
федералдық ведомствосы арасындағы Статистика саласындағы
ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен Германия Федеративтік Республикасының Статистика жөніндегі федералдық ведомствосы,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы статистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мүмкіндіктері шеңберінде ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асыратын болады:

- статистикалық зерттеулердің әдістемелік және арнайы мәселелері жөніндегі жарияланымдармен алмасу;

- Тараптар мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен оның дамуы туралы статистикалық басылымдармен және жарияланымдармен (жылнамалармен, жинақтармен, бюллетеньдер және хабарламалармен) алмасу;

- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мен статистикалық деректердің банктік менеджменті және құрылымды қоса алғанда, компьютерлік техниканы пайдалану бойынша тәжірибе алмасу;

- статистика саласындағы жаңа әдістер және статистикалық әдістерді

қазіргі ақпараттық қоғамның талаптарына бейімдеу туралы ақпараттармен алмасу;

- екі Тарап үшін де мүдделі болып табылатын ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу мен жобаларды жүзеге асырудағы ынтымақтастық;

- Техникалық ынтымақтастық желісі бойынша халықаралық және ұлтаралық бағдарламаларға, мәселен, ТАСИС сияқты және олардың шеңберінде қаржыландырылатын іс-шараларға қатысу мәселелеріндегі өзара іс-қимыл.

2-бап

Тараптар қажеттілігіне қарай осы Келісімнің орындалуы барысында туындайтын мәселелерді талқылайтын және жұмыс тәжірибесімен алмасатын болады.

3-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

4-бап

Осы Келісімнің шеңберінде алынған Тараптардың ақпараты сол ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін емес.

5-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдану бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

6-бап

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және үш жылдық мерзімге жасалады.

Егер де Тараптардың бірде-біреуі кезекті үш жылдық мерзімнің аяқталуына кемінде алты ай қалғанға дейін екінші Тарапқа оның күшін жою жөніндегі өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, онда осы Келісім әрбір келесі үш жылға ұзартылып отырады.

Осы Келісім күшінің жойылуы Тараптардың осы Келісім шеңберінде жүзеге асырыла бастаған бағдарламалары мен жобаларына ықпал етпейтін болады.

2001 жылғы 2 қазанда Берлин қаласында әрқайсысы екі түпнұсқалық данада қазақ, неміс және орыс тілдерінде қол қойылды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі агенттігі
үшін

Германия Федеративтік
Республикасының
Статистика жөніндегі
федералдық ведомствосы үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК